

6D010300 –Педагогика және психология мамандығы бойынша Әлия Ақанбайқызы Белегованың философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми жетекшінің

## П І К І Р І

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзгерістері кезінде, сапалы білімнің реформасын тек қана толығымен өңделген стратегия арқылы жүзеге асыруға болатынын түсіну нәтижесінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі едәуір жетістіктерге қол жеткізіп, қазіргі кезде бұл үрдіс табысты жалғасып келеді. Еліміздің білім беру жүйесін жаңғырту арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізу үшін үкіметтің білім беру саясатында қолға алынған барлық бағдарламалары білім берудің әлемдік тәжірибесіне негізделген. Бұл ретте жоғары оқу орындары үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, өзіне - өзі есеп беріп, өз іс-әрекетіне өзі жауап беретін, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған, кәсіби құзыретті, шығармашыл мамандар дайындау үшін өздерінің бүкіл қызметін осы бағытта қайта құруда.

Дене шынықтыру - қоғамдық өмірдің құбылысы, адам қызметінің саласы, бұл жеке тұлғаның іргелі құндылығы, әлеуметтік белсенділіктің жоғары деңгейі, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру тәсілі, оның үйлесімді дамуының алғышарттары. Сондықтан қазіргі уақытта ғылымда болашақ дене шынықтыру мұғалімін кәсіби даярлаудың әртүрлі астарларының қарастырылуы заңдылық. Ә.А.Белегованың «Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы педагогикадағы өзекті мәселеге арналған.

Диссертант Ә.А.Белегова зерттеу алдына қойған міндеттерге сәйкес диссертациялық жұмыста төмендегідей нәтижелер алуға қол жеткізген.

1. Философиялық, психологиялық – педагогикалық әдебиеттерге терең де тыңғылықты талдау жасау негізінде жоғары білім беру жүйесінде болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған.

2. «Рефлексия», «рефлексивтік мәдениет» ұғымдары нақтыланған, «болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениеті» ұғымына авторлық анықтама берілген.

3. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары, психологиялық- педагогикалық шарттары, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, әдістері, формалары, деңгейлері анықталған және ғылыми тұрғыда негізделген.

4. Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған элективті курс мазмұны мен әдістемесі жасалып, тиімділігі эксперимент арқылы дәлелденген, ЖОО оқытушылары үшін ғылыми - әдістемелік құрал мен пәннің оқу - әдістемелік кешені дайындалған.

Келтірілген нәтижелерді жоғары мектеп педагогикасы мен ғылымына зерттеушінің қосқан өзіндік үлесі деп есептеуге болады.

Жұмыстың тәжірибелік бөлімінде автор болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған студенттердің ақыл - ойының жан жақты дамуына, танымдық белсенділігіне, рефлексивтік іс - әрекетіне түрткі болатын педагогикалық технологиялардың тәсілдерін, оқытудың интербелсенді әдістерін қолданудың тиімділігін шынайы дәлелдей алған. Зерттеу барысында әзірлеген жоғары оқу орындарының «Дене шынықтыру мен спорт» мамандығында жүргізілетін «Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті» атты пән бағдарламасы мен оқу - әдістемелік кешені, ғылыми - әдістемелік құрал жоғары оқу орындары тәжірибесінде қолдануға болатын практикалық нәтижелер болып табылады.

Диссертацияның негізгі идеялары мен нәтижелері халықаралық деңгейде өткен ғылыми конференция материалдарында, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитетінің тізіміндегі басылымдарда және Scopus компаниясының ақпараттық базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда жарық көрген. Барлығы 14 жарияланым.

Зерттеу жүргізу барысында диссертант өзін дербес, сауатты, мүдделі, білімін тәжірибеде қолдана алатын, ғылыми еңбекке қабілетті зерттеуші ретінде көрсете білді. Ә.А.Белегованың «Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сай, теориялық және практикалық маңыздылығы бар, толық аяқталған жұмыс деп санаймын. Ал оның авторы 6D010300 –Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекші,  
педагогика ғылымдарының докторы,  
профессор

